Қоғамдық-саяси апталық

# ТҮРКІСТАН

№45-46 (9802)
14 караша,
2025 жыл

www.yassy-tur.kz
turkistan_gazeti@mail.ru
turkistan_gazeti
Түркістан Қалалық Газеті

Газет 1930 жылдың 4 қазанынан шыға бастады

**ОБЛЫС**

## МЕШІТТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Түркістан қаласына кіреберісте әлемдегі озық тәжірибелерді ұштастырған еңселі мешіттің құрылысы аяқталуға жақын. Қазіргі таңда мешіттің қасбеті, мұнарасы, электрмен және сумен жабдықтау, терезе орнату жұмыстары толық аяқталған. Бүгінде ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.





**Нысан басында 30-дан астам адам мен 9 техника жұмылдырылған. Заман талабына сай салынып жатқан мешіттің құрылыс алаңына облыс әкімі Нұрлан Көшеров арнайы барып, жауапты басшылармен кездесті. Ол жұмысты сапалы және уақытылы аяқтау жөнінде тапсырма берді.**

**Көрші Өзбекстан мемлекетінің Түркістанға тартуы ретінде салынып жатқан мешіттің құрылысын осы жылдың соңында аяқтау жоспарланған. Шығыстық нақыштағы еңселі мешітте 5 мың жамағат бір мезгілде сәждеге бас тигізіп, құлшылық ете алады. Жоба құны – 32 млрд. теңге. Жер аумағы 7,7 гектарды құрайтын ғибадат үйінің іргетасы 2019 жылы қаланған. Нысанның жалпы аумағы – 4650 шаршы метр. Биіктігі 61 метрлік мұнаралармен көмкерілген мешіт қазіргі заман талабына сай озық үлгіде салынуда. Құрылыс жұмыстарын «МонтажСтройКом Экстра» ЖШС мердігер мекемесі атқарып жатыр. Қазіргі уақытта сыртқы қасбетпен абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Абаттандыру аумағы – 4,2 гектар, бұл бағыттағы жұмыстар 85 пайызға аяқталған.**



**Ел алдындағы есеп**

Сәрсенбінің сәтті күні Түркістан қаласының әкімі Әзімбек Пазылбекұлы халықпен жоспарлы кездесуін бастады. Алғашқы басқосу «Бекзат» секторында өтті. Шаһардағы 6 сектордағы кездесулер бүгін өз мәресіне жетпек.

## ӘКІМ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУДЕ

«Бекзат» секторы аумағында инфрақұрылымдық жобалар кезең-кезеңімен және жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Абаттандыру саласында биыл №18 мектеп пен «Балғын» балабақшасы маңында екі балалар ойын алаңы салынды. Сонымен қатар, 12 ойын және воркаут алаңшаларында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2026 жылы тағы екі жаңа ойын алаңы салынып, негізгі көшелерде көгалдандыру мен суғару жүйесін орнату көзделуде.

Жол инфрақұрылымы бойынша «Бекзат» секторының 132,1 шақырымды құрайтын 141 көшесінің 98 пайызы жарықтандырылған. Биыл 6,6 шақырым болатын төрт көшеде орташа жөндеу аяқталып, тағы екі көшеде құрылыс жұмыстары жалғасуда. Сонымен бірге, О.Жандосов көшесі кеңейтілді. Б.Қалаби көшесін реконструкциялау жобасы 2026 жылы аяқталмақ.

Сондай-ақ, биыл «Бекзат» секторында спорт кешені пайдалануға берілді. Сектор аумағында әлеуметтік дүкендерге арналған төрт жер телімі анықталып, бір дүңгіршек орнатылуда.

Осы күні аталмыш іс-шара Сауран секторының тұрғындарымен жүздесумен жалғасты. Сауран секторы аумағында инфрақұрылымдық жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. 1-2 мөлтек аудандардағы 75 көпқабатты тұрғын үйдің жылыту маусымына дайындығы толық қамтамасыз етілді. Ауыз су жүйесіне қатысты 75 үйдің 14-і жөндеуден өтсе, 6 үйде жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр.

Көпқабатты үйлердің қасбеттерін қалпына келтіру мақсатында жоспарланған 15 үйдің барлығы мәресіне жетті. Сондай-ақ, Сауран мөлтек ауданында ауыз сумен қамту деңгейі 99,5%-ды құрайды. Сектордағы жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі бүгінде 60,2%-ды құрап отыр. Жыл соңына дейін 66,7%-ға жеткізу көзделген. Сонымен қатар, 156 көшенің 96%-ы жарықтандыру жүйесімен қамтылған.

Биылғы жылдың қараша айына дейін қалада 30 әлеуметтік дүкен іске қосылды, оның 7-і Сауран секторында орналасқан.

Сонымен қатар, спорт инфрақұрылымын дамыту мақсатында Сауран секторында спорт кешені пайдалануға берілді. Кездесу соңында қала әкімі тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, өтініштерін тыңдады.

**«Түркістан-ақпарат».**

## МЕРЕЙТОЙ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҚОС ҚҰРДАС!

**Түркі әлемінің тұмарына айналған қасиетті қаламызда тарихпен тілдесіп, заманмен үндескен шежірелі білім ордаларының алдыңғы қатарында әуел баста екі жылдық курс ретінде ашылған қазіргі Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжін атаған жөн. Сондай-ақ, қазіргі Түркістан көпсалалы индустриалды техникалық колледжі де көне оқу орындарының бірі. Осы аталған екі білім ордасы да төрт қақпалы Түркістанның білім әлемінде айшықты ізін қалдырды.**

(4-5-беттерде).

## НАҒЫЗ ҚАҺАРМАНДАРМЕН БІР КҮН...

**Әдетте біз журналистік креслода отырып, қылмыс хроникасымен қатар басқа да ақпараттарды жариялаймыз. Осылай келе жатқаныма 27 жылға жуықтапты. Бірақ бұл жолы мен «Погонды журналист» ретінде, Түркістан облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының офицерлерімен бір күн өткізіп, олардың «ақ ажалға» қарсы күресінің шынайы әрекетін көрдім.**

(3-бетте).

**А.Байсалов, Түркістан қалалық балалар ауруханасының басшысы:**

## «БАЛА АУЫРСА, ҚОҒАМ АУЫРАДЫ»

**«Түркістан қалалық балалар ауруханасының бүгінгі тынысы қалай, заман көшіне ілесу жолында қандай жаңашылдықтары бар?» деген сауал төңірегінде осы мекеме басшысы Байсалов Алмат Мейірбекұлымен әңгімелесіп едік. Қазіргі күнде көпшілік арасында газет оқу дәстүрі кенжелеп келе жатқан соң әлеуметтік желіге «Дәрігер кеңесі» деген айдармен бейнеролик түсіруге барғанбыз негізі.**

(8-бетте).

**Армансыз дүние тұл. Бұл ежелден келе жатқан қағида. Жөргекте жатқан сәби де армандайды. Төрт аяқты жанувар да шырайлы жерден қарын тойдырсам деп қиялдайды. Қанаттылар біз аспайтын асу болмаса екен деген ойға беріледі. Біздің Аман кішкене кезінен-ақ арманшыл болды. Ол жиһангер болып жер басып әлемнің төрт бұрышын аралағысы келеді. Теңіз жайлы сөз естісе сонда құлаштап жүзуді армандады. Тіпті ғарышкер болсам деген ой сол қиялдың бір бұрышында тұрды. Бірақ ол құмарлықтың бәрін әкесі әкелген ойыншық машина тас-талқан етті. Бірден көлік жүргізушісі боламын деді. Түбі сол айтқаны болды да.**

# АВТОБУС ЖҮРГІЗУШІСІНІҢ ОРЫНДАЛҒАН АРМАНЫ

Аманды көршілері қолының еп-себі бар екенін жас кезінен-ақ байқады. Сол үшін де ауылдың бар мақтауына ие болып жүрді. Мадақтағанды, қолпаштағанды кім жек көрген? Жан жібітер жақсы сөзге масаттанып жүріп шын мәнінде өзінің түбінде «бесаспап» болатынын көрсетті. Әскерге барғанша ауыл тола ИЖ, Восход, Урал деген мотоциклдерді шашып тастап, қайта құрап жүрді. Қойшылардың су айдайтын, жарық беретін моторларының ақауын тауып, жөндеп жүрді. Сонымен қатар, ДТ, МТЗ, Беларусь деген тракторлардың, УАЗ, ГАЗ деген автокөліктердің моторларын шұқылап жөндеп жүргенде әскер қатарына алып кетті. Онда екі жыл бойына танктің де, БМП, БМД деген техникалардың моторларының ақауын көзін жұмып жөндемесе де бір шебер білетін біліктілікті көрсетті. Аманға әскер қатарында сержант атағы да сол үшін берілді.

Міндетін атқарып келгеннен кейін үйде ұзақ жатпады. Бірден автобус паркіне тартты. Көліктің қыр-сырын білгенімен, автобус



жүргізуге келгенде жүргізуші куәлігі дұрыс болмады. Автобусты жүргізудің өзге көліктерден бөлек ережесі бар көрінеді. Жүргізу куәлігі сәйкес келмеген соң автобус паркінің жөндеу бригадасына қарапайым жұмысшы болып қабылданды.

Аман бүгінде елуді еңсерген жігіт ағасы. Еңбегімен танылған, қарапайым ғана қатардағы автобус жүргізушісі. Бедел, абыройы да бір өзіне жетерлік. Үлкен отбасының отағасы. Оның басты қағидасы - қарапайым болып қалу. Аспай, таспай өмірдің ағымымен ғұмыр кешу.

Аман атақ пен даңқты, даңғазалықты қуғанда, қазір ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрген бір пенде болар еді. Бұл оның сөзі. Ол ешқашан еткен еңбегін пұлдаған емес, көкірек қағып дабыра салған емес. Ондайларды жақтыра қоймайды да. Тапқан, табатын табысының мөлшерін біледі. Соның бүкіл отбасына жететіндігіне сенеді. Сондықтан да адал еңбектің адамды айдалада тысқары қалдырмайтынына да сенеді.

**Еңбек адамын жеке бір рет тыңдап көрейік.**

...Автобус паркінің жөндеу цехының табалдырығын аттаған сәтен бастап-ақ мен өзімнің ортама түскенімді сезіндім. Өзім құралпы жастарды көргенде бірден шүйіркелесіп кеттім. Аз уақыттың ішінде бұрыннан таныс жандарша араласып қол бердік. Кішілері тыңдап, үлкендері де ағалық-әкелік сөздерін айтуға дайын тұрды. Сәл қипалсаң болды сол сәтте-ақ жаныңнан табылып, қол ұштарын беруге даяр екендігін байқатты. Әсіресе тәлімгер – шебер ретінде бекітілген Файзулла аға өз баласындай бауырына тартты.

Автокөлік жүргізу қандай қиын болса, оны жөндеу, ақауын табу, техникалық байқаудан өткізіп отыру өз алдына бөлек күрделі шаруа екен. Доңғалақтағы болттарды күшпен бұрауда не тұр деуіңіз де мүмкін? Қатты қателесесіз. Оған үлкен әдіс керек, тәсіл керек. Тәжірибе мен ұқыптылық деген нәрсе аса қажет. Сұқ саусағының жартысына да келмейтін болтты қисық салсаң, керек жеріне дейін бұрамай қойсаң онда ол сенің адам тағдырымен ойнағаның. Бір мәнісі болар деп ылдым-жылдамға салынып тартсаң да, бір бөлшекке, детальға мән бермесең адам өмірмен ойнап тұрғаның. Тіпті адамдардың өмірі сол бармақтай ғана темірде екенін сезінбесең өмір бойы өкініште қалғаның.

Екі жылдан кейін басшылар қала ішінде қатынайтын автобустың кілтін табыстады. Арманым толық орындалғанын сезіндім. Рөлге отырғандағы сезімді айтсаңызшы! Әлемнің жартысына патша болғандай сезіндім. Сол сезім әлі күнге дейін ойымнан кеткен емес. Өйткені күнде мыңдаған адамның тағдыры менің қолымда. Мен оларды керек жеріне жеткізуім керек, алып қайтуым керек. Керек десеңіз көмек те көрсетуім керек. Мен одан ерінген де, қашқан да емеспін. Сондықтан да болар түрлі мінберден менің атыма айтылатын жылы сөздер соның айғағы болса керек.

Мен өзімді ұжымдағы әріптестерімсіз сезіне алмаймын. Оларсыз мен жалғызбын, оларсыз мен жұртта қалған жарамсыз дүниедеймін.

Бір оқиға әлі күнге дейін есімде. Әдеттегідей ауысымға ерте келдім. Автобусты қайта-қайта айналып шықтым. Кейбір тұстарын көзбен көріп, қолмен шұқып шықтым. Ауа райы да қолайлы болды. Кәдуілгі жаздың жаймашуақ күні. Бірінші аялдамадан екіншісіне жеткенше автобус іші лық толды. Көпшілігі жаңа жұмыс күніне асыққандар. Қолымдағы дыбыс күшейткішпен жолаушыларға сәтті күн тіледім. Жолаушылар да қуанып қалды. Дауысымды күнде естіп жүрген бәзбіреуі «Рахмет, Аман!» деп дауыстап та жіберді. Қол көтеріп шапалақтап жатқандары да бар. Мен де мәз болып автобусты жүргізіп келем.

Үлкен даңғылдан солға бұрылғаным сол еді оң қапталдан қатты жылдамдықпен келе жатқан жүк көлігін байқап қалдым. Дереу бұрылған жақтағы жолсыз жерден жол іздедім. Тапқандай болдым, бірақ ауыр салмақты жүгенсіз көлік тура маған бұрылғандай болды. Бар ой жолаушыларды құтқару болды. Тек өзім отырған жақты әлгі көлікке қарсы қойып үлгердім. Көзімді ашсам ауруханада жатыр екенмін. Онда көпте жата қойған жоқпын. Бірақ сол аз күннің ішінде ұжымның қандай екенін қатты сезіндім.

Қалталы телефонның дәмі қоймаған уақыты. Сонда да күн аралатып автопарк бастығы дәрігерім арқылы денсаулығымды сұрап тұрды. Арасында екі-үш рет келіп те кетті. Өзгелері де күн құрғатпай жағдайымды сұрап отырды. Танитын, таңымайтын, күнделікті жай бас изесіп жүргендердің өзі бас сұғып келіп жатты. Автопарк басшылығы, кәсіподағы, бәрі жабылып жүріп жол апатына менің кінәсіз екендігімді дәлелдеп, қайта соншама жолаушының өмірін сақтағанымды жария етті. Оны жергілікті ақпараттың бәрі жарыса жазды.

Ауруханада жатқан он бес, жиырма күннің ішінде ең жақын ағайын таптым десем де болады. Ұжымдастарыммен бауырмалдығымды арттырдым. Ем-дом қабылдағаннан кейін автопарк басшылығы үш-төрт күн қосымша демалыс беріп еді мен одан бас тарттым. Тезірек әріптестерімді көруге асықтым.

Ұжымда жиналыс жиі өтеді. Әрине тақырыбы әртүрлі. Ішкі проблема деген көп. Әсіресе үйлестіру мәселесінде бітпейтін мәселе. Әрине оның бәрін шешу басшылардың іс-қимылдарына байланысты. Сондықтан әркім өзінің қызметтік көлемі шеңберіндегі мәселені ғана түсіне білгені дұрыс. Ал өзіне қатысы жоқ өзге проблеманың бәріне тұмсық сұға беретіндей болсаң сен нағыз жексұрынсың. Ұжым да ондайды жақтыра қоймайды. Тезірек құтылуға ұмтылады. Мен дәл осындай принципті ұстанған адаммын.

Мен күні кеше ғана шәкірт едім. Бүгінде өзім тәлімгермін. Еңбек өтілім, бір құралымда пәлен жылдан бері істеп келе жатқан тәжірибеме қарай өзімді соған лайықпын деп санаймын да. Басшылық та, қасымдағы әріптестерім де солай ойлайтынына сенімдімін. Бүгінде қасымда екі бірдей тағылымдамадан өтуші шәкірттерім бар. Екеуі де оқығанымен тәжірибесі толыспаған жастар. Жалықпаса, ерінбесе ертең-ақ автобус тізгінін қолға ұстай алатынына сенімдімін.

**...Иә, бұл Аманның жан сыры. Өмірде көргені жетерлік, берері мол азаматтың бейнесі. Бүгінгі күні өз ісінің шебері, білгірі атанған қарапайым жанның бітімі. Біз ондай тұлғаның көп болғанына қуанамыз. Өйткені осындай жандар ғана бүгінгі өмірді құрайды. Елдің байлығын еселейді, еңбектің абыройын арттырады.**

**Мақсат КҮЛІМОВ.**

# АУЫЛДА ШЫҢДАЛҒАН АРМАН




**Жеңіс тек бақ емес, табандылық пен төзімнің жемісі екені айдан анық. Сөзімізге дәлел ретінде Ордабасы ауданы Шұбарсу ауылындағы «Зерде» мектебінен шыққан жас спортшы, жеңіл атлетикадан «төрт сайыс» бойынша республикалық чемпионаттың жүлдегері - Нұрсейіт Андаховты мысалға келтірсек болады. Жуырда өткен додаға елдің түкпір-түкпірінен жиналған жүйріктер арасынан оза шауып, 3-орынды иеленген Нұрсейіттің бұл жетістігі тек жеке жеңіс емес, ауыл спортының әлеуетін көрсеткен жарқын мысал. Айта кетейік, бұған дейін ол аудандық және облыстық кезеңдерде де топ жарып, спорттағы биік белестерге сенімді қадам жасап жүр. Осы ретте Нұрсейіттің жеңіс жолындағы жетекшісі - Шұбарсу ауылындағы «Зерде» мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, бапкер Ғалымжан Төлегенұлы Тажентаевтың да үлесі зор екенін атап өткен жөн. Аққолтай жаңалықпен бөлісіп, редакциямызға хабарласқан жас жүйріктің бапкері Ғалымжан мырза «Түркістан» газетін үнемі оқып жүретінін жеткізді. Осы орайда, руханиятқа бей-жай қарамайтын бапкер мен жүзден жүйрік шыққан шәкіртпен аз-кем сұхбатымызды оқырман назарына ұсынып отырмыз.**

**«ЕҢБЕК ТЕ, ТӘРТІП ТЕ - ЖЕҢІСТІҢ КІЛТІ»**

– Жеңіл атлетикамен айналысуға ең алдымен осы спорттың өзіне тән ерекшеліктері мен денсаулыққа пайдасы қызықтырды, – дейді Нұрсейіт. – Бірақ шын мәнінде осы жолға түсуіме себеп болған адам – менің ұстазым Ғалымжан ағай. Оның «Сен әлемді бағындырасың, шәкіртім! Тек алға!» деген сөзі мені күн сайын жігерлендіреді, - дейді ол.

Жас спортшының алғашқы жарысы да есінде. Толқыған, жарыс алдында қобалжыған сәттердің бәрі де оған үлкен тәжірибе сыйлағанын жеткізді.

– Ең есте қалғаны – республикалық чемпионат болды. Төрт сайыстың барлығында барымды салып, үшінші орынға ие болдым. Бұл мен үшін тек медаль емес, өзіме деген сенімнің бастауы болды, - дейді. Сонымен қатар, Нұрсейіт өзінің жетістігіне жетелейтін басты қағидаларын да айтты. Нұрсейіт үшін жеңістің сыры - тек қана дарын емес, тұрақты еңбек пен тәртіп.

– Барлығына үлгеруге болады, бәрі уақытпен. Сабақ та, спорт та – менің өмірімнің бір бөлшегі. Болашақта өзге елдердің үлкен ареналарында ел намысын қорғағым келеді. Олимпиада - арман емес, мақсат! – дейді талапшыл шәкірт.

**«ҚАЗАҚТАН ДА ЖЕЛАЯҚТАР ШЫҒУЫ ТИІС!»**

Нұрсейіттің бапкері Ғалымжан Төлегенұлы - спорттың шынайы жанашыры десек артық айтқанымыз емес. Өзінің айтуынша, ол мектеп кезінде қысқа қашықтыққа (60м, 100м) жүгіруден аудандық жарыстардың чемпионы болған. Алайда, еліміз енді егемендік алған жылдары аталған спорт түрлерінен облыстық жарыстардың өтуі өте сирек болған. Бүгінде Ғалымжан сол балалық арманы мен спортқа деген адалдығын шәкірт тәрбиелеу ісіне арнап келеді.

– Жыл сайын оқу жылы басында өзім ұйымдастырған тегін жеңіл атлетика үйірмесіне іріктеу жүргіземін. 2023 жылы сондай іріктеулердің бірінде Нұрсейіт те көзге түсті. Оның бойында шапшаңдық пен қайсар мінез бар. Соны байқап, арнайы дайындыққа алдық, - дейді бапкер. Ұстаздың айтуынша, Нұрсейіттің ең басты қасиеті - қайтпас қайсарлық пен көздеген мақсатына деген табандылығы.

- Әр жаттығуда өзін жеңуге тырысады. «Әрекет түбі – берекет» деген сөзді шәкірттерім жиі естиді. Еліміздің көк туын желбірету әрқайсымыздың қолымызда. Жалпы айтқанда, өзіміздің қаракөз қазағымыздан да желаяқтар шығуы тиіс деген мақсат бар. Мен шәкірттеріме ең алдымен осы рухты сіңіруге тырысамын, - дейді Ғалымжан Төлегенұлы.

Айта кетейік, оның жетекшілігімен кейінгі жылдары 70-80 аудан чемпионы, 15-20 облыс чемпионы және 3 республикалық жүлдегер тәрбиеленген. Әрине, ауыл мектебіндегі дене шынықтыру пәні мұғалімі үшін бұл үлкен жетістік.

– Мектептегі спорттық жағдай орташа, алайда біз бұған қарап қалмаймыз. Қажет жағдайда жаттығуларды қырда жасаймыз. Кейде шәкірттерімді қаладағы стадиондарға апарып, сонда дайындық өткіземіз. Мектеп басшысы Нұршағұл Ұябаеваның да қолдауы орасан. «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, меңдегі негізгі мақсат - оқушылардың бойындағы сенімді ояту. Алдағы уақытта республиканы ғана емес, Азияны бағындырып, еліміздің туын халықаралық ареналарда желбіреткіміз келеді, - дейді бапкер.

**Қарапайым ауыл мектебінің оқушысы республикалық деңгейде жеңіс тұғырынан көрінгені үлкен еңбек пен сенімнің нәтижесі екені айтпаса да түсінікті. Мұнымен қоса, Нұрсейіттің жеңісті жолы - ұстаз еңбегінің өлшемі, ауыл спортының әлеуетін айқындаған елеулі жаңалық деп білеміз.**

**Шұбарсудай шағын ауылдан басталған жарқын жетістік болашақта әлемдік ареналарда жалғасатын күнді асыға күтеміз!**

**Дәурен ТІЛЕУХАН.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

**Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.**

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі - қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Өзара сенім, жауапкершілік пен серіктестік негізінде мемлекет, қоғам және бизнес өкілдерінің бірігуі, қоғамдағы жемқорлыққа қарсы пікір мен құқықтық сананы қалыптастыру еліміздегі жемқорлық деген әлеуметтік мәселені жоятынына сенеміз.Сонымен қатар, Түркістан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы салық төлеушілердің назарына «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы іске қосылғанын хабарлайды.Жаңа цифрлық шешім жеке кәсіпкерлерге салық міндеттемесін орындауды жеңілдетеді.

**Түркістан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.**

# НАҒЫЗ ҚАҺАРМАНДАРМЕН БІР КҮН...



**Әдетте біз журналистік креслода отырып, қылмыс хроникасымен қатар басқа да ақпараттарды жариялаймыз. Осылай келе жатқаныма 27 жылға жуықтапты. Бірақ бұл жолы мен «Погонды журналист» ретінде Түркістан облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының офицерлерімен бір күн өткізіп, олардың «ақ ажалға» қарсы күресінің шынайы әрекетін көрдім.**

Ең алдымен полиция формасын киген сәттен-ақ бойымды жинап, жауапкершілікті меңгерумен қатар, бұл тек кәсіби борыш қана емес, адамгершілік қасиет пен азаматтық ұстанымды талап ететінін ұқтым. Себебі, полиция формасының құдіреті – бұл иыққа артылған үлкен жауапкершілік жүгі. Бұл тек арнайы киім емес, бұл – сенім мандаты. Форманы киген сәттен өзімді мемлекеттің, заңның және қоғамның мүддесін қорғайтын тұлға ретінде көріп, осы жоғары міндетке лайықты болуға ұмтылдым.

Жұмыс барысы сағат таңғы сегіздегі оперативті жиналыстан басталды. Үстел басында Түркістан облысы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқарма бастығы полиция полковнигі Сакенов Сабыржан Жарылкасынұлы және жедел уәкілдермен бірге мен де қатарластым. Жұмыс барысын талқылап, тапсырма алған соң бірден қызметке кірістім. Ең алдымен басқарманың аға жедел уәкілі полиция майоры, киберқадағалаушы Қадыр Азамат Бақытжанұлымен интернет арқылы синтетикалық есірткілердің таралуына жол бермеу мақсатында күнделікті мониторинг жұмыстарына шолу жасадық. Өткен жылдың еншісінде - 298, ал жыл басынан бері -1114 ақпараттық сайттар анықталып, «Киберқадағалау» сараптамасына жолданып, нәтижесінде бұғатталған. Прокуратура органдарымен бірлесіп, есірткі заттарын жарнамалайтын «Антифрод» жүйесіне енгізу барысында 70 млн теңгеден астам қаражаты бар 1346 банк карталары анықталыпты.

### ЖЕДЕЛ ІС-ШАРАЛАРҒА БЕРІЛГЕН БАСЫМДЫҚ

Бұдан кейін, Ішкі істер министрі 2025 жылды «Профилактика жылы» - деп атап, бекітілген жоспарға сәйкес, Департаментпен профилактикалық шараларды және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң мен тәртіпті нығайту мақсатында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сенімді түрде қорғау бағытындағы шаралардың күшейтілгенінен нашақорлықтың алдын алу, ведомствоаралық үйлестіру тобының жедел уәкілі полиция майоры, профилактика бойынша жауапты Қожбанов Есімхан Халбудлинұлының жыл басынан бері атқарылған жұмыстарынан ақпараттандым. Жалпы, синтетикалық және өзге де есірткілердің зияндығы және олардың заңсыз айналымы бойынша Заң алдындағы жауапкершілік туралы 2024 жылы - 271, биылғы жылдың 9 айлық есебі бойынша 1000-ға жуық /991/ түсіндіру профилактикалық іс-шаралары өткізіліп, оған 99 мыңнан астам оқушылар мен студенттер, ата-аналар және жергілікті тұрғындар қатысқан. Сонымен қатар, Департаменттің жанында (2025 жылғы 20 наурыздағы №109 бұйрығына сәйкес) есірткі құқық бұзушылықтарының профилактикасы саласында өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі Кеңес мүшелері құрылған болатын. Бұл Кеңестің құрамында өзімде бар болғандықтан, нашақорлықтың, есірткі қылмысының алдын алу, халықты, әсіресе жастарды есірткіге қарсы бағыттағы жұмыстарының тұрақты жүргізіліп келе жатқанынан хабардармын. Бұдан бөлек, ойын-сауық орындарында, түнгі клубтарда 98 рет рейдтік іс-шаралар жүргізіліп, көше граффити жазбаларын өшіру бойынша 115 іс шаралар жүргізілген. Нәтижесінде, 190 есірткі жарнамалау, насихаттау жазбалары өшіріліп, сондай-ақ есірткі жарнамасына байланысты 1 дерек анықталып, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 299-1 бабымен қылмыстық іс қозғалған. Облыс аумағындағы көшелер мен қоғамдық орындарда қазіргі таңға дейін жалпы 76 есірткіге қарсы әлеуметтік жарнамалар билбордтар мен 15 LED экрандарына орналастырылыпты. Ал, Әуежай, Теміржол вокзалы, «ҚазПочта» қызметкерлерімен бірге есірткі құралдары және психотроптық заттарды заңсыз жөнелту фактілерін анықтау үшін Департаменттің қызметтік иттерінің көмегімен жедел-іздестіру іс-шаралары ұдайы жүргізіліп, 112 рейдтік іс-шара өткізілген.

### КИНОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Түстен кейін жұмысымның басым бөлігі есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы нашақорлықтың алдын алу, ведомствоаралық үйлестіру тобының аса маңызды істері жөніндегі аға жедел уәкілі полиция майоры Бимаханов Марат Асылханұлымен Қызылорда бағытындағы - «Сауран» бекетіне келіп, ауа райының қолайсыз күніне қарамай өздеріне бекітілген кинологиялық қызмет орталығының қызметтік иттерімен бекетте тұрған тәртіп сақшыларының қатарына қосылып, есірткі қылмысына жол бермеу мақсатында «Нора» атты, есірткі, қару-жарақты анықтайтын итпен бірге 3 сағатқа жуық көліктерді тексеру жұмысын жүргіздік. Анығын айтқанда, кинологиялық орталықтағы 6 иттің көмегімен Жамбыл облысы мен Түлкібас ауданының шекаралас аумағында орналасқан «Шақпақ баба», сондай-ақ Қызылорда облысымен шекаралас «Сауран» шет бекетіне тәуліктік кезекшілікке бекітілген қызметкерлермен осы бекеттің өзінде есірткі заттарын аса ірі көлемде тасымалдаудың 13 дерегі анықталған. Оған дейін кинологиялық қызмет орталығының қызметкерлерімен бірге 1514 рет орын алған қылмыс орындарына шығып, 44 қылмыстың беті ашылса, оның ішінде есірткі қылмысы бойынша - 42, қару-жарақ бойынша - 2 дерегі ашылған. Ағымдағы жылдың 1 маусымы мен 31 қазан аралығында «Қарасора-2025» жедел профилактикалық іс-шарасы бойынша өткен 4 айында, есірткінің заңсыз айналымынан жалпы 202 есірткі құқық бұзушылықтары анықталып, 2 ұйымдасқан топ құрықталған. Сөйтіп, заңсыз айналымнан 826 килограмм 061 грамм түрлі есірткі заттары тәркіленсе, 9 айдың қорытындысымен есірткінің заңсыз айналымына қатысты 359 дерек, 126 қылмыс, 233 теріс қылықтар орын алған. Есесіне заңсыз айналымнан 1 тн. 24 кг. 728,129 гр. есірткі заттары тәркіленген. III тоқсан қортындысымен «Дәрмек» жедел-профилактикалық іс-шарасының 3 кезеңі өткізіліп, нәтижесінде облыс аумағында 193 дәріхана, 11 қойма, 32 емдеу-профилактикалық мекеме және 11 өндірістік кәсіпорындары тексеріліп, 82 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған.

### БЕКЕТТЕН КЕЙІНГІ БЕТАЛЫС

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі полиция капитаны, психотроптық заттар яғни дәрілерді жою бойынша жауапты Арман Күмісбекұлымен бірге «Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің клиникасы» мекемесіне барып, психотроптық заттарды жою процесіне қатыстым.

Жою процесінің әрбір қадамы фото және бейнетүсіріліммен тіркеледі. Комиссия мүшелері барлығының қатысуымен арнайы жою актісіне қол қойдық. Бұл акт – заттай айғақтың іс жүзінде жойылғанын растайтын негізгі құжат болып сақталады екен. Осылайша, психотроптық заттарды жою барысында полиция қызметкерлері тек қана тәркілеу мен сақтауды ғана емес, сонымен бірге процестің соңына дейін, яғни жойылғанға дейін оның заңдылығы мен қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз етеді.

### БАСҚАРМАНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы – Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының құрамындағы есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестің мемлекеттік саясатын іске асыратын негізгі жедел бөлімше. Басқарманың жұмысы тек қылмысты ашумен ғана шектелмейді, сонымен бірге есірткінің таралу көздерін толық жоюға, осы іске қатысты қаржылық ағындарды бұғаттауға және нашақорлықтың алдын алу арқылы қоғамның иммунитетін арттыруға бағытталған кешенді жұмысты қамтиды.

«Қазіргі есірткі бизнесі - бұл тек базардағы сауда емес, бұл - жоғары технология. Біздің жұмыс - олардың әр қадамын алдын ала білу және жастардың санасын улауға жол бермеу», – дейді басқарма бастығы Сабыржан Жарылкасынұлы.

***Сонымен, Түркістан облысы ПД ЕҚҚІҚБ-да өткізген бір күнім маған үлкен әсер қалдырды. Мұндағы қызметкерлер - көрінбейтін майданда күн сайын күресіп жүрген нағыз қаһармандар. Олардың жұмысы - тек ұстау немесе қамау емес, ең алдымен ұлттың денсаулығын, әсіресе жастардың болашағын қорғау. Осы ретте, есірткіге қарсы іс-қимыл – бұл тек полицияның ғана міндеті емес, бұл - әрбір ата-ананың, мұғалімнің және азаматтың қатысуын талап ететін жалпыұлттық күрес екенін айтқым келеді.***

**Озипа АЛТАЕВА,**
**республикалық «Aimagnews.kz» ақпараттық агенттігінің бас редакторы, Түркістан облысы Полиция департаменті жанындағы Есірткі құқық бұзушыларының профилактикасы саласында өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес мүшесі.**

# ТУҒАН ЖЕР ҮНІ – ҚОБЫЗДЫҢ ҚОҢЫР САЗЫНДА



**Түркістанда өткен сән апталығы рух пен өнердің, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысқан сәтіне айналды. Бұл шара түркі тілдес елдердің мәдени байланысын нығайтып, ұлттық өнер мен сән әлемінің өзара үндестігін паш етті. Сол көркем кештің басты қонақтарының бірі - қобызшы, Түркістан топырағында туған Ақерке Тәжібаева болды. Ол туған жерінің мәдени мұрасын дәріптеп, қобыз үнімен сән сахнасына ерекше рухани леп қосты. Осы орайда, біз де жерлесімізбен сұхбаттасып үлгерген едік.**

**- Ақерке, сіз Түркістан топырағында туған өнер иесісіз. Өнер жолы сізді алысқа жетелесе де, бұл қаланың орны сіз үшін ерекше шығар. Түркістанға деген сағынышыңызды қобыз арқылы жеткізе аласыз ба?**

- Иә, менің өнер жолым алысқа жетелесе де, Түркістан менің жүрегімнің төрінде. Бұл қала менің рухани бесігім, шабыттың бастауы. Осындағы топырақтың әр түйірі, самал желі, таңғы тынысы мен үшін қымбат. Қобыздың қоңыр үніне жанымдағы сағынышты сыйдырып, туған өлкеме деген іңкәрлігімді жеткізгім келеді. Қобыздың шанағынан шыққан әрбір дыбыс менің Түркістанға деген сағынышымның, ризашылығымның үні секілді.

**- Алғашқы ұстазыңыз Несіпкүл Өтебаева екенін ұстазыңыздың әсерлі естеліктерінен, жылы жазбаларынан білеміз. Түркістанға оралғанда ұстазыңыздың сіңірген еңбегі мен сізге берген тәлім-тәрбиесі есіңізге түсе ме?**

- Иә, менің алғашқы ұстазым Несіпкүл Өтебаева. Ол кісі маған алғаш қалам ұстатып, әліппені үйреткен. Түркістанға оралған сайын сол кісінің жүзі, жылы сөзі, әрбір ақыл-кеңесі есіме түседі. Мектепті бітіргелі 20 жылдан асса да, әлі күнге дейін хабарласып, жүздесіп, хат алмасып тұрамыз.

**- Түркістандағы мәдени іс-шаралар ұлттық рухты оятуға қалай әсер етеді деп ойлайсыз? Сіздіңше, бұл қала болашақ ұрпақ үшін қандай рухани маңызға ие болуы тиіс?**

- Түркістандағы мәдени шаралар халықтың рухани тамырын жаңғыртатын, ұлттық сана мен мақтаныш сезімін оятатын ерекше құбылыс. Әр концерт, әр көрме, әр шығармашылық кездесу ұлттық болмысқа деген сүйіспеншілікті арттыра түседі. Меніңше, Түркістан болашақ ұрпақ үшін қасиетті мекен ғана емес, рух пен өнердің мәңгілік мектебі болуы тиіс. Бұл қала әр қазақтың жүрегінде рухани бағдаршам болып қалуы керек.

**- Қобыз - халқымыздың киелі аспабы. Сіз үшін қобыздың үні нені білдіреді? Оны сахнада тарту кезінде қандай рухани күй кешесіз?**

- Қобыз мен үшін жай ғана аспап емес, ол жанымның үні. Оның әрбір үні ғасырлардан жеткен сыр, бабалар аманаты. Сахнада қобыз тартқанда мен өзімді уақыт пен кеңістік шекарасынан тыс, ерекше әлемде жүргендей сезінемін. Сол сәтте жан дүнием тазарып, рухым көтеріледі. Қобыз сарыны менің сөзім, менің тынысым іспетті.

**- Қазіргі жастар арасында ұлттық аспаптарға деген қызығушылық қандай деп ойлайсыз? Осы өнерді дәріптеу үшін жас музыканттар қандай бағытта жұмыс істеуі керек?**

- Қуантады, соңғы жылдары жастар арасында ұлттық аспаптарға қызығушылық қайта оянып келеді. Бірақ бұл бағытты тереңірек дамыту үшін, ең алдымен, жастарға рухани үлгі мен қолдау қажет. Ұлттық аспапты тек орындаушылық шеберлік ретінде емес, мәдени код, ұлттық болмыс ретінде түсіну керек. Жас музыканттар өз өнерін жаңаша форматта, заманауи стилде жеткізе білсе, ұлттық өнердің тынысы кеңейе түсер еді.

**- Бүгінгі іс-шара туралы ойыңызды білдірсеңіз.**

- Бүгінгі іс-шара туған жерімде алғаш рет ұйымдастырылып жатқан «Türkistan Fashion Week» сән көрсетілімі. Бұл түркі ұлттарының сән әлемін бір арнаға тоғыстырған ерекше жоба. Мақсаты - түркі тілдес мемлекеттердің ұлттық киімдерін сән сахнасына шығару арқылы түркі мәдениетін жандандыру. Түркі мемлекеттерінің дизайнерлерін бір арнаға тоғыстырып, әлем назарын ұлттық өнерге аудару, шетелдік туристердің қызығушылығын арттыру. Сонымен қатар, сән мен өнерді музыкалық үйлесім арқылы әсемдеп көрсету. Бұл шара рух пен өнердің, сән мен подиумның тоғысып, келген қонақтарға жылылық пен шабыт сыйлаған ерекше кеш болды.

**Ақерке Тәжібаева бұл шараға тек өнер иесі ретінде емес, туған топырағының аманатын арқалаған жан ретінде келді. Қобыздың қоңыр үні мен оның жүрек сыры тоғысқан сәтте залды ерекше тыныштық билеп, тыңдарманды терең толғанысқа бөледі. Өнер мен рухтың тоғысында туған осындай сәттер Түркістанның рухани тынысын ашып, сән апталығының сәнін арттыра түскені – кешке қатысқан қонақтардың бал-бұл жанған жүзінен аңғарылды.**

**Несібелі ИМАНҚҰЛОВА.**

# МЕРЕЙТОЙ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҚОС ҚҰРДАС!





## БІЛІМ ӘЛЕМІНДЕГІ БЕДЕЛДІ ОҚУ ОРЫНЫ

Түркі әлемінің тұмарына айналған қасиетті қаламызда тарихпен тілдесіп, заманмен үндескен шежірелі білім ордаларының алдыңғы қатарында әуел баста екі жылдық курс ретінде ашылған қазіргі Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжін атаған жөн. Сондай-ақ, қазіргі Түркістан көпсалалы индустриалды техникалық колледжі де іргелі оқу орындарының бірі. Осы аталған екі білім ордасының да төрт қақпалы Түркістанның білім әлемінде айшықты ізі бар. Небір атақты тұлғаларды ұядан балпан ұшырды. Қос оқу орнын бүгінгі таңда байланыстырып тұрған тарихи кезең – колледждің тоқсан жылдық белесі. Қос құрдастың өздеріне тән шежіресі, қалыптасқан үрдісі, бекітілген қағидалары бар. Екі оқу орнын да жаңа заманның озық тәжірибесін меңгерген, инновациялық жаңа бастамаларға бейім, ізденімпаз, табанды басшылар басқарады. Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжін бұрын Түркістан және Сарыағаш қалаларының қорғаныс істер жөніндегі біріктірілген бөлімін басқарып, жастарымыздың Отан алдындағы әскери борышын өтеуіне өз үлесін қосқан, ел қорғаны, сондай-ақ, ұстаздық салада да жемісті еңбек еткен тарихшы-педагог. Бірнеше оқу орнының тізгінін ұстаған Іскер басшы, «Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков» медалінің, «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне 10-жыл», «Мінсіз қызметі үшін» медальдерінің иегері, ҚР Білім және ғылым министрінің «Құрмет Грамотасымен», ҚР Оқу-ағарту министрінің «Алғыс хатымен», «WorldSkills Kazahstan-2023» VIII республикалық кәсіби шеберлік байқауына дайындықты жоғары дәрежеде өткізгені үшін «Алғыс хатымен», «Халықаралық тәрбиешілер мен зияткерлік балалар ғылым академиясының II дәрежелі дипломымен марапатталған Ахан Шакенұлы Асанов басқарса, Түркістан көпсалалы индустриалды-техникалық колледжінің тізгінін тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Түркістан облысының директорлар кеңесінің төрағасы, Түркістан қаласының құрметті азаматы, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Айдос Кенжеханұлы Абзалов ұстап отыр. Тағы бір қызығы, егіз қозыдай қос басшы кезінде аталмыш екі оқу орнында да кезек-кезек директор болған. Яғни, екі оқу орнының тыныс-тіршілігі бір-біріне етене таныс. Сондықтан да қос колледждің тоқсан жылдық мерейтойын «Тоқсан жылдық тәжірибеден – цифрлық болашаққа» деген тақырыппен нетворкинг-фестиваль форматында өтетін халықаралық форумды бірлесе өткізуі заңды да жарасымды. Назарларыңызға тарихы тағылымды, шежіресі мол, рухты тұлғаларымыздың басқан ізі, бедері қолтаңбасы қалған колледж басшыларының сұхбатын ұсынамыз. Құрметті оқырман, оқыңыз! Ой түйіңіз! «Қос құрдас колледждің» қуанышына ортақтасыңыз!




## КӘСІПТІК БІЛІМ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ



# ҚОС КОЛЛЕДЖ ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕДІ




## Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжінің тарихы

Түркістанның тарихымен тамырлас оқу ордасы – Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжіне биыл 90 жыл. Мыңдаған шәкірттің арманына алау жаққан айтулы білім ордасының шежіресі 1934 жылы Түркістан қаласында ашылған екі жылдық педагогикалық курстан бастау алады. Кейін ол өлкелік қыздар педтехникумы аталып, ұстаздар даярлайтын алғашқы орталыққа айналды.

1939 жылы 28 маусымда оқу орны Түркістан педагогикалық училищесі болып құрылып, «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандарын даярлай бастады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген оқытушылар мен студенттер майданға аттанып, олардың ерлігі ел есінде қалды. Батыр түлек Жанұзақов Әбілда - «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды.

Соғыстан кейінгі жылдары білім ордасы жаңа тыныс алды. Тәжірибелі педагогтар келіп, оқу сапасы артты. Олардың қатарында Омар Байтулин, Иса Алтынбеков, Паччахан Құрбанбаев, Орынбасар Нарметов, Зағипа Барлыбаева сынды колледж дамуына үлкен үлес қосқан басшылар болды. Айта кетейік, әр басшының тұсында колледж тарихында ерекше оқиғалар орын алып жатты. Мәселен, 4 қабатты жатақхананың берілуі, Есім хан алаңындағы жаңа оқу ғимаратының ашылуы - жоғарыда аталған білікті басшылардың іргелі істері.

Сонымен қатар, білім ордасы тарихта аты қалған даңқты тұлғаларға да кенде емес. Олардың қатарында генерал Әбдіқадыр Нұрмағамбетов, профессор Рахманқұл Бердібай, академик Кеңесбай Мұсаев, белгілі жазушы Сәуірбек Бақбергенов, драматург Жұмабек Еділбаев, филология ғылымдарының докторы, тіл жанашыры Асылы Осман, белгілі педагог Маржан Тасова, Қазақстанның құрметті судьясы Бекет Тұрғараев, айтулы ғалым Иса Байтулин бар.

1964 жылы Түркістан аудандық атқару комитеті педагогикалық училищенің 30 жылдық еңбегін ескеріп, оқу орнына қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин есімін беруді ұйғарды.

1982 жылы колледж жаңа үш қабатты ғимаратқа көшіп, материалдық-техникалық базасы нығайды.

1984 жылдан бастап оқу орнын білікті басшы Мұсабекова Шарапат Әбутәліпқызы басқарып, оқу-тәрбие процесін жаңа деңгейге көтерді.

Тәуелсіздік жылдары колледж жаңа серпін алды.

1995 жылы Түркістан педагогикалық училищесі Түркістан педагогикалық колледжі болып өзгертілді.

1997 жылы Түркістан индустриалды-педагогикалық колледжімен бірігіп, Түркістан гуманитарлық-техникалық колледжі болып қайта құрылды. Сол кезден бастап жаңа мамандықтар ашылып, өңірге қажетті кәсіби кадрлар даярлана бастады.

2002 жылдан бастап колледж әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық пәндер бойынша облыстық оқу-әдістемелік орталықтың базасы болды.

2007-2013 жылдары колледж директоры болып Мұсамат Тәжібаев тағайындалды. Осы жылдар аралығында негізгі оқу ғимаратында жаңа кабинеттер мен шеберханалар ашылып, жаңа үлгідегі стендтермен, құралдармен жабдықталды. Сондай-ақ, екінші спортзал, физика кабинеті толық лаборатория, 3 интерактивті тақта, компьютерлерді жөндейтін және жинақтайтын шеберхана, электронды оқу залы іске қосылды.

Шежірелі тарихтың ізін 2013 жылдың шілде айынан бастап Абпазов Айдос Кенжеханұлы жалғастырды. Колледж басшысының жасампаз жаңалықтарға мән беруінің нәтижесінде ұжым үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

2015 жылы мәртебелі білім ордасының 80 жылдығы кең көлемде атап өтілді. 2018–2021 жылдары жаңа заман талабына сай «Туризм», «Сәндік қолданбалы өнер», «Зергерлік ісі», «Дене тәрбиесі және спорт» сияқты мамандықтар ашылды.

2019 жылы оқу орны жоғары колледж мәртебесін алып, бүгінгі Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі атауына ие болды.

2023 жылдың шілде айынан бастап колледж тізгінін тәжірибелі ұстаз, білікті басшы Асанов Ахан Шәкенұлы ұстады. Сол жылдан бері қарай да колледждің материалдық-техникалық базасы ұлғайып, жатақхана мен оқу ғимараты да уақыт талабына сай жаңғырды. Қазір колледжде 11 мамандық, 14 біліктілік бойынша мамандар даярланады. Заманауи зертханалар, интерактивті кабинеттер мен шығармашылық шеберханалар білім сапасын арттыруда. Колледж ұстаздары мен студенттері республикалық және халықаралық деңгейдегі WorldSkills чемпионаттарының, кәсіби шеберлік байқауларының жүлдегерлері атанып жүр. Сондай-ақ, ұстаздар халықаралық тағылымдама аясында Сингапур, Малайзия, Түркия, Беларусь, Қытай, Франция мемлекеттерінде шеберліктерін шыңдауда. Бұдан бөлек колледж шәкірттері республикалық, әлемдік ареналарда спорттың, ғылымның түрлі салалары бойынша биік шыңдарды бағындырып келеді.

Бүгінде Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі – дәстүр мен жаңашылдықты үйлестірген білім мен өнердің қара шаңырағы деп анық айтуға болады!

**Қазір Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжінде 11 мамандық, 14 біліктілік бойынша мамандар даярланып келеді. Оқу мерзімі негізгі орта білім базасында – 3 жыл 10 ай, жалпы орта білім базасында – 2 жыл 10 ай күндізгі оқыту нысандарында жүргізіледі. Мамандықтар бойынша білім алушылар мемлекеттік тілде оқиды. Колледжде 5 бөлім, 8 әдістемелік бірлестік құрылған. Мұнда мына мамандықтар бойынша білім беріледі:**

01140100 - «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»

01120100 - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»

01140500 - «Дене тәрбиесі және спорт»

10150100 - «Туризм»

06130100 - «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»

06120100 - «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)»

02140100 - «Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)»

07230100 - «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»




## Түркістан көпсалалы индустриалды-техникалық колледжінің тарихы

**Түркістандағы техникалық білімнің алғашқы ұясы 1934 жылдың қараша айында құрылған «Түркістан ауданаралық трактористер мектебінен» бастау алады. Ол кезде оқу орнында шағын жөндеу шеберханасы жұмыс істеп, аудан аумағындағы техникаларды келісімшарт негізінде жөндеп отырды. Штатта небәрі бес мұғалім еңбек етіп, жыл сайын шамамен 150 оқушы қабылданды. Мектептің алғашқы директоры болып Ахметов Саид тағайындалды. Соғыс аяқталған 1945 жылы мектептің оқу бағыттары кеңейіп, шофер, комбайншы және тракторист мамандықтары бойынша сабақтар жүргізіле бастады. Оқушыларға арналған жатақхана мен шаруашылық бөлімі жұмыс істеді. Оқу бітірген жастар Түркістан ауданындағы колхоздар мен машина-трактор станцияларына (МТС) жұмысқа жіберілді. Ал 1946 жылы штат құрамында 11 әкімшілік-шаруашылық қызметкер, 5 мұғалім, 5 нұсқаушы және 4 шаруашылық жұмысшысы болды.**

1947 жылы оқу бағдарламасы тағы үш жаңа бағытпен толықты: жер ісінің негіздері, машинаны пайдалануды ұйымдастыру және тракторлар мен ауыл шаруашылық құралдарын жөндеу пәндері енгізілді. Бұл пәндер ауыл шаруашылығы өндірісін механизациялауға зор серпін берді. 1953 жылдың 19 желтоқсанындағы КСРО Мәдениет министрлігінің бұйрығына сәйкес, 1954 жылдың 1 қаңтарынан бастап мектеп Мәдениет министрлігінің қарамағына өтті. Сол жылы оқу орнында 34 қызметкер еңбек етті. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің 26 қаңтардағы №54 бұйрығымен училище «Еңбек резервтері» жүйесіне енгізіліп, №31 Түркістан ауыл шаруашылығын механизациялау училищесі деп аталды. 1955 жылдан бастап оқу орны бір жылдық курстар жүйесін енгізді. Сол жылы оқу бағдарламасына жаңа пәндер қосылды: мал шаруашылығын техникалық механизациялау, кең профильді тракторист-машинист дайындау, агрономия негіздері, мәдени-тәрбие жұмыстары және саяси сабақтар. Бұл пәндер студенттердің кәсіби біліктілігін ғана емес, дүниетанымдық қабілетін де кеңейтті. 1977 жылы училище үш жылдық оқу мерзіміне көшіп, түлектерге дипломмен бірге орта білім туралы аттестат берілетін болды. 1984 жылғы 5 қыркүйекте облыстық кәсіптік білім беру басқармасының №324 бұйрығына сәйкес, оқу орны №21 орта кәсіптік-техникалық училище деп қайта аталды.

1985 жылы оқу орнының 50 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып өтті. Сол кезеңде училище ғимараты қазіргі «Бәйтерек» тойханасының жанында орналасқан еді. 1987 жылы мұнда 94 қызметкер жұмыс істеді. Училищеде 1996 жылға дейін жастар келесі бағыттар бойынша білім алды: кең профильді тракторист-машинист, ауыл шаруашылық құрылысшысы, электрогаз дәнекерлеуші, машинист-крановщик, сатушы, есепші және аспаз мамандықтары. Бұл жылдары оқу орнын әр кезеңде Югай К. (1960–1963 жж.), Мәдіходжаев Мәкен (1964–1970 жж.), Болғанбаев Дүйсенбек (1970–1978 жж.) және Төреқұлов Ахмет (1979–1999 жж.) басқарды.

Өткен ғасырда жалпы Түркістан қаласында барлығы төрт орта кәсіптік-техникалық училище жұмыс істеді. Олардың бірі – №14 училище 1966 жылдың 2 қазанында ашылып, тігінші, етікші, шаштараз және суретші мамандықтары бойынша мамандар даярлады. 1971 жылы ашылған №29 училище құрылысшы, токарь, электродәнекерлеуші, ағаш ұстасы, аспаз және крановщик мамандықтарын оқытты. 1987 жылы жұмысын бастаған №38 училище тігінші, сатушы, аспаз, есепші және кондуктор мамандарын даярлады. Ал 1996 жылы Түркістан қаласындағы төрт кәсіптік-техникалық училище біріктіріліп, жаңа №21 кәсіптік-техникалық мектеп болып қайта құрылды.

Мектептің алғашқы басшысы Төреқұлов Ахмет (1996–1998 жж.) болса, кейінгі жылдары бұл қызметті Досыбеков Пернетай (1998–2005 жж.), Тәжібаев Мусамад (2005–2007 жж.), Жұмаділұлы Ергешбай (2007–2009 жж.), Құрманбайұлы Кенжетай (2010–2012 жж.), Асанов Ахан Шәкенұлы (2012–2023 жж.) және Абпазов Айдос Кенжеханұлы (2023 жылдан бастап) атқарды.

2004 жылдың 29 ақпанында оқу орнының атауы №21 кәсіптік лицей болып өзгертілді. 2013 жылы 10 қаңтарда ол №21 колледж мәртебесін алды. Ал 2019 жылдың 21 қаңтарында жаңа заман талабына сай **Көпсалалы индустриалды-техникалық колледж** мәртебесіне ие болды.

Бүгінде бұл колледж өңірдің техникалық және кәсіби білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі. Мұнда дуальды оқыту жүйесі, модульдік-құзыреттілік тәсіл және инновациялық технологиялар сәтті енгізілген. Заманауи зертханалар, өндірістік шеберханалар, IT-кабинеттер мен цифрлық жабдықталған тәжірибе алаңдары студенттердің кәсіби білігін шыңдауға мүмкіндік береді. Колледждің серіктестері қатарында аймақтың ірі өнеркәсіп орындары мен өңірлік кәсіпкерлер палатасы бар. Бұл түлектердің тәжірибеден өтіп, кейін тұрақты жұмыспен қамтылуына жол ашады. Бүгінгі оқу ордасы - инновация мен тәжірибені ұштастыратын, болашақ жұмысшы мамандықтар ұясына айналды.

